

## Туған жерге

Қандай ыстық жанға жақын туған ел.  
Көк шалғынды жасыл жайлау алтын бел.  
Жұпар жұтып төскейінде аунасам,  
Сергітеді,сейілтеді салқын жел.

Көз алдымда айдын шалқар көлдерің,  
Аңсап суын бұлақтардың шөлдедім.  
Қиыр Шығыс, Қап тауын да аралап,  
Сенен артық, сенен асыл көрмедім.

Қайда жүрсем сағынамын өзіңді,  
Аялаймын суытпай сол сезімді.  
Аңсаймын мен артта қалған алаңсыз,  
Келте бұрым,кекілді бір кезімді.

Іздеймін мен атам,әкем іздерін,  
Ғұмырының жарқын жазын, күздерін.  
Ізгі істері сайрап жатса жолында,  
Қалай маған іздерімен жүрмегін?

Ата- бабам арманына жеткен жер,  
Кірін жуып, кіндік қаны кепкен жер.  
Талай ғашық махаббатқа мас болып,  
Алаулатып бақыт отын өткен жер

Туған жерім, мен өзіңнің бел балаң.  
Ойлап жиі боламын ғой көп алаң.  
Сағынамын,сарғаямын жырақта.  
Ыстық маған қора қопсың,шошалаң.

Ыстық маған ауылымның баласы,  
Ақсақалды көнекөз қарт данасы.  
Ошағының оты өшпесін әр үйдің,  
Гүлдей берсін дархан, дара даласы!.